

# Әрбір тармағында үлкен мән-мағына жатыр!

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. «Бұл – отыз жылдық белесті елмен бірге өткерген Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар Үндеуім деп қабылдаңыздар» деді Нұрсұлтан Назарбаев.**

Меніңше, аталған қағидаттар жиынтығының әрбір тармағында үлкен мән-мағына жатыр. Бұл әрбіріміздің санамызда жаңғырып жататын құндылықтар, берік ұстанатын қағидаттар. Солардың әрқайсысына жеке тоқталып өтсек жеті тұғырдың ең біріншісі – қастерлі құндылығымыз Тәуелсіздік. Елбасы айтып өткендей, жер жүзінде өз алдына дербестігі жоқ қанша ұлт пен ұлыс бар. Ал, біздің міндетіміз мемлекеттімізді қадірлеп, көздің қарашығындай сақтау. Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы армандарының жүзеге асқан ақиқаты десек, өскелең ұрпақ алдында Қазақстанның іргесін нығайту және одан өрі дамыту жауапкершілігі тұр.

Екінші мызғымас тұғыр ретінде бірлік пен келісім атап көрсетілді. Бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды күшейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады. Бірлік пен келісім болмаған жерде тұрақтылық та болмайды. Тұңғыш Президентіміз айтқандай, Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу – әр азаматтың парызы.

Елдігіміздің үшінші тұғыры ретінде ата-баба мұрасы, халық қазынасы – ұлан-байтақ жеріміз аталды. «Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ. Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым. Біз Тәуелсіздікті жариялай салысымен шекарамызды құжат жүзінде бекітіп алуға күш жұмсадық» деді Елбасы. Тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді.

Қоғамның алтын дінгегі саналар отбасы мен салт-дәстүрді төртінші тұғыр деп белгілеген Елбасы ғасырлардан бері келе жатқан ата дәстүрді берік ұстануымыз қажеттігін алға тартты. Шын мәнінде,

отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстанханасы, қоғамдық қатынастардың бастауы саналатын бірегей институт. Сол үшін Елбасы айтқандай, дәстүрдің озығын алып, тозығын тастап, елдік болмыстың өзегін сақтай білуіміз керек. Бауыржан Момышұлы атамыздың «Ұлттардың қасиеті – ұлт тілінде, дінінде, тарихы мен мәдениетінде, салт-дәстүрінде, олар жоғалса ұлт ұлт болудан қалады» деген ұлағатты пікірі бүгінгі ұрпаққа ой салуға тиісті.

Бесінші тұғыр – халықтың рухани тірегі – ұлттық мәдениет. Н.Назарбаев атап көрсеткендей, қазіргі таңда жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бірегей ұлттық мінез, асқақ рух керек. Мұндай қасиеттер адамға тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану арқылы келеді. Әр халықтың өзіне тән тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ халқы бай тарихтың иесі. Қазақ даласында Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи, Махмұд Қашқари, Қадырғали Жалаири сияқты ғұламалар өмір сүрді. Олардың еңбектері халқымыздың орта ғасырдағы мәдени өміріне зор үлес қосты.

«Табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастардың санасына сіңіру қажет» деп нақтылаған Елбасы білім мен еңбекті алтыншы тұғырға жатқызды. Осы арқылы көштің соңында қалмау үшін тек өз біліміміз бен күшімізге сенуіміз керектігін шөгеледі. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты – өркениетті елдердің қатарында болу, бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Ұлы Абайдың «Адам түзелмей – заман түзелмейді» деген ұлағатты сөзі бар. Сонда адам мұраты мен халық мүддесі ұштасатын тәрбиедегі басты нұсқа қандай болуы керек? Бұған ақыл-ойдың алыбы «Ақыл сенбейтін іске сенбе, ондай

іске кіріспе, әуелі білім, ғылым, өнер жолын тандап алып, естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап» деп жол сілтейді. Еңбек тәрбиесі де Абай туындыларында басты орын алады. Ол еңбекпен келген табыстың адал да дұрыс жолға бастайтынына кәміл сенеді, еңбекпен, саналы оймен, ақылмен істелген істің ғана нәтижесі болады деп санайды. Дана Абай «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп жырлайды. Адамның бойында жағымсыз қасиеттердің тууына қарсы тұру үшін оның ғылым мен білімге деген құмарлығын арттырып, дамыта түсуді өсиет етеді.

Қазақстанның білім саласындағы мемлекеттік саясаты 1991 жылдан кейін заңнамалық базаларды реформалау бағытында жүзеге асырыла бастады. Білім саласын басқару мен оны қаржыландыру білім жүйесі сапасын көтеру міндеттерімен байланыстырылады. Ал, еліміздегі білім саласын жеделдетіп реформалау өзінің бастауын 1995 жылдан алады.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде әлемдік деңгейдегі жоғары мәртебелі зерттеу университеті болып табылатын «Назарбаев Университеті» бөлсенді қызмет етуде. Университет жанынан бүгінде қоғам мен экономикаға инновация енгізіп жатқан ғылыми зертханалар мен орталықтар құрылды. Тұңғыш Президенттің бастамасымен 2008 жылдан бері республика бойынша жиырмадан астам Назарбаев Зияткерлік мектептері ашылды. Халықаралық зерттеулер нәтижесіне сәйкес, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқу сауаттылығы бойынша әлемде алғашқы ондыққа енген. Дарынды жас қазақстандықтарға әлемнің үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» халықаралық стипендиясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1993 жылы 5 қарашада қабылданды. 1994 жылдан бері жылма-жыл қазақстандық жастар шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарына жіберіліп келеді. Тәуелсіздікпен бірге жеткен жетістіктерді жас ұрпақ бағалап, Отанымыздың одан өрі гүлденуіне барын салуы тиіс. «Ендеше, табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастар-

дың санасына сіңіру қажет» дейді Елбасы.

Жетінші тұғыр болып, бәсекеге қабілетті болудың кепілі – прагматизм белгіленді. «Прагматизм принциптері бойынша барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға талпынған жөн» деді Ұлт Көшбасшысы. Әлемдегі ең дамыған жетекші отыз елдің қатарына еңуді айқын мақсат еткен тәуелсіз елімізде Елбасы ұсынған елдіктің осы жеті тұғырына сүйенсек, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, білім мен адал еңбек арқылы жасампаз ел боламыз.

«Елдіктің жеті тұғыры» – кемел келешек кепілі. Біз осы құндылықтарды дәрiптeуiмiз керек. Оны болашақ ұрпақтың бойына сiңiрудiң маңызы зор. Осы жолда бiлiм және ғылым саласының алдында зор мемлекеттiк және қоғамдық мiндеттер тұрғанын жақсы түсiнeмiз. Мұны кезең-кезеңiмeн, жүйесiмeн орындау қажет. Аталған қағидаттар жиынтығы қоғамдағы ауызбiршiлiктi нығайтуға, елiмiздiң алға қарай дамуына өзiндiк ықпалын тигiзерi анық. Сарапшылар көлемi шағын болғанмен, маңызы айқын құжат деп бағалаған «Елдіктің жеті тұғыры» Елбасының ел дамуының негiзгi қағидаттары туралы философиялық пайымы мен стратегиялық ой-пiкiрлерiнiң қорытындысы. Онда әлемдiк озық тәжiрибе мен халқымыздың ұлттық тарихи-мәдени дәстүрлерi ескерiлген. Бұған дейiн бұл тұжырымдамалық ұсыныс жалпы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жетi қыры», «Әлеуметтiк жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» және басқа да бiрқатар публицистикалық еңбектерiнде де кездесетiн. Елдiң өсiп-өркендеуiндегi маңызды басымдықтар жинақталған «Елдіктің жеті тұғыры» – әрбiрiмiздiң санамызда жаңғырып жататын құндылықтар, берiк ұстанатын қағидаттар.

**Еңлікхан ҚОЗЫБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ-дың Инновациялық білім  
беру технологиялар  
институтының директоры.**

